

"Алматы-Шымкент" талшықты-оптикалық байланыс жүйесі желісін жүргізу мен пайдалану мақсатында жер учаскесін пайдалану үшін қауымдық сервитут белгілеу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 325 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 6 қаңтарда № 2460 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2017 жылғы 16 наурыздағы № 39 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 16.03.2017 № 39 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Алматы-Шымкент" талшықты-оптикалық байланыс жүйесі желісін жүргізу мен пайдалану мақсатында жер учаскесін пайдалану үшін жер учаскелерін жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай екі жыл мерзімге осы қаулының қосымшасына сәйкес қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "TNS-Plus" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне талшықты-оптикалық байланыс жүйесі желісін жүргізу мен пайдалану аяқталғаннан кейін бүлінген жерлерді жаңғырту жүргізу ұсынылсын.

3. "Жамбыл облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға, мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;
- 3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.Әбдірайымовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап

күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

К. Көкрекбаев

Жамбыл облысы әкімдігінің
2014 жылғы "27" қарашадағы
№ 325 қаулысына қосымша

"Алматы-Шымкент" талшықты-оптикалық байланыс жүйесі желісін жүргізу мен пайдалану мақсатында жер учаскесін пайдалану үшін жер учаскелерін жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай белгіленетін қауымдық сервитут

№	Аудандар атауы	Қауымдық сервитут белгіленген жерлер, гектар	Оның ішінде						
			А у ы л шаруашылық алқаптары, гектар	оның ішінде егістік жерлер барлығы, гектар	суармалы, гектар	к ө п жылдық екпелер, гектар	шабындық, гектар	жайылым, гектар	бөгде жерлер, гектар
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Байзақ ауданы	23,56	22,99	15,29				7,7	0,57
2	Жамбыл ауданы	18,274	17,974	3,568			0,92	13,486	0,30
3	Жуалы ауданы	28,22	27,16	14,14				13,02	1,06
4	Қордай ауданы	87,32	80,12	46,48				33,64	7,2
5	Меркі ауданы	52,25	50,72	26,33			0,78	23,61	1,53
6	Т . Рысқұлов ауданы	63,17	54,97	35,51				19,46	8,2
7	Ш у ауданы	46,52	44,92	23,73				21,19	1,6
	Барлығы:	319,314	298,854	165,048			1,7	132,106	20,46